



Сурет 1 – Ұңғыма құрылысы

1 - шегендеуші құбырлар; 2 - цементтеуші тас; 3 - қабат; 4- шегендеуші құбырдағы және цементтеуші тастағы перфорация; I -бағыттаушы; II - кондуктор; III - аралық бағана; IV- пайдаланушы бағана.

Тұрақты жыныстарда ұңғыманың түп бөлігіне әртүрлі сүзгілер орнатады және цементтемейді немесе шегендеуші құбырды өнімді қабаттың жабынына дейін түсіреді, ал оны бұрғылауды ұңғыма оқпанын бекітпей-ақ жүргізеді.

Ұңғыма сағасын арналуына байланысты арматуралармен (бағана басы, ысырма, шырша және т.б.) жабдықтайды [2].

Мұнай және газ кен орындарын іздеу, барлау және игеру кезінде тірек, параметрлік, құрылымдық, іздеу-барлау, пайдаланушы, айдау, бақылау және басқа да ұңғымаларды бұрғылайды [3].

Тірек ұңғымаларын бұрғылаумен зерттелмеген аймақтарда орнатады және ол тау жыныстарының құрамын және жасын анықтауға арналған.

Параметрлік ұңғымалар салыстырмалы түрде зерттелген аймақтарда геологиялық құрылымын және мұнайгаздылықты нақтылау мақсатында орнатылады.

Құрылымдық ұңғымаларды перспективалық аймақтарды анықтау және оларды іздеу-барлау бұрғылауына дайындау мақсатында жасалынады.

Іздеу ұңғымаларын жаңа өндірісті мұнай және газ кеніштерін анықтау мақсатында бұрғылайды.

Барлау ұңғымалары өндірістік мұнайгаздылығы орнатылған аудандарда кеніштің өлшемі мен құрылымын зерттеу, мұнай және газ қорын есептеу, сонымен бірге оны игеруді жобалау мақсатында бұрғыланады.

Пайдалану ұңғымалары кенішті игеру жобасына сәйкес орнатылады және жер қыртысынан мұнай және газды өндіруге арналады.